



Құрметті театрқұмар қауым және әуесқой театр артистері!

Қазақстандағы Гёте-Институт, Республикалық драмалық неміс театры, Қазақстан неміс жастарының Одағы және «Wiedergeburt» атты Қазақстан немістерінің қоғамдық бірлестіктерінің Ассоциациясы биылғы жылы Алматы қаласында Театр фестивалін ұйымдастырады.

Театр фестивалі толығымен заманауи неміс драматургиясына арналады.

Фестивальға қатысу үшін біз мынадай шығармашылық тапсырмалар ұсынамыз:

1. Сіздер заманауи неміс театр қойылымдарының тізімінен бір пьесаны таңдап аласыздар, оны өз қалауларыңыз бойынша дайындай аласыздар. (шығармалар мәтінін [неміс және орыс тілінде] Анны Мельник ханымнан ала аласыздар [anna.melnik@almaty.goethe.org]). Фестивальға қатысу үшін Сіздерге таңдап алған шығарманың **неміс тіліндегі** нұсқасын дайындау керек.
2. Қойылым ұзақтығы **40 мин.** аспау керек
3. Қойылымда Сіздер орындықтар пайдалана аласыздар (20-ға дейін .), сол сияқты өздеріңізбен бірге әкелетін реквизиттерді пайдалануға болады.
4. Сіздің топтың құрамы 8 адамнан аспауы керек (артистер, режиссёр, техниктерді қоса есептегенде).
5. Пьесаны таңдап және танысқаннан кейін бізге қойылымның қысқаша идеясы мен тақырыбын және қатысушылар туралы ақпарат жіберулеріңізді өтінеміз. Қатысушылардың аты жөні, ойнайтын ролі және суреті фестиваль бағдарламасына енгізу үшін қажет.
6. Қойылымға байланысты барлық сұрақтарды кеңесшіміз, Неміс театрының бас режиссері Наташа Дубс ханымға (ndubs@gmx.de) жолдаңыздар.

Сіздерге фестиваль ашық аспан астындағы алаңда өтетінін ескертеміз.

Фестивальға қатысу үшін **14 пен 30 жас аралығындағы** неміс тіліне қызығушылық танытқан жастарды шақырамыз, олардың кәсіпқой артист болмауы шарт.

Фестиваль жүлделері:

- Бас жүлде ең үздік қойылым үшін (Германиядағы театр фестиваліне жолдама);
- Ең жақсы ойнаған артист
- Көрермен көзайымы.

Басқа жүлделер жайлы кейінірек хабарланады.

Театр фестивалі Алматы қаласында, **мамыр айының 10 мен 17 аралығында** өтеді,

Нақты уақыты туралы қосымша хабар беріледі .

Фестивальға қатысу үшін өтінімдеріңізді **2015 жылдың 10 сәуіріне дейін** Анны Мельник ханымға anna.melnik@almaty.goethe.org жіберіңіздер.